

Әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 12 маусымдағы N 1087 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 шілдеде N 13-1-223 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы N 980 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 27.05.2013 N 980 қаулысымен

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса берілгендер бекітілсін:

1) «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет р е г л а м е н т і ;

2) «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

3) «Мүгедектерге сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу» мемлекеттік қызмет р е г л а м е н т і ;

4) «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қызмет көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет р е г л а м е н т і ;

5) «Жалғызділікті, жалғыз тұратын қарттарға, бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедектерге және мүгедек балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

6) «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою» мемлекеттік қызмет р е г л а м е н т і .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Қ.М. Макинаға, «Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлау бөлімі» ММ бастығы М.Т.Мұхамедьяровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі Б.

Жұмабеков

Петропавл қаласы
әкімдігінің
2012 жылғы 12 маусымда N1087
қаулысымен бекітілді

«Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» (бұдан әрі - Регламент) регламентінде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы комиссияның жұмыс органы - «Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

2) арнайы комиссия - Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу және оларға куәлік беру үшін қала әкімінің шешімімен құрылатын комиссия.

2) іс макеті – осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті; жеке басын, тұрғылықты жерін куәландырушы құжаттарды; жинақтаушы кітапша немесе өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйыммен шарт; 1949 жылдан 1965 жылға дейінгі, 1966 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта Семей ядролық сынақ полигоны аумағында тұру (жұмыс істеу, әскери қызмет) фактісі мен кезеңін куәландырушы құжаттарды қамтитын, өтемақы алуға азаматтың жеке іс м а к е т і ;

3) тұтынушы - жеке тұлғалар: әуеде және жер үстінде ядролық жарылыстар жасаған кезеңде (1949-1965 жж.) радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) өткерген азаматтар; 1966 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта жерасты ядролық жарылыстарын жасау кезеңінде осы аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) өткерген азаматтар;

1949 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) өткерген азаматтар; осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарында аталған, мүгедек деп танылған аурулары бар адамдардың балалары, олардың денсаулық жағдайы мен «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңында аталған аймақтарда ата-аналарының бірінің болу факторы арасындағы себепті байланыстар анықталған ретте;

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет арнайы комиссияның жұмыс органымен, сондай-ақ осы Регламенттің 1 және 2 қосымшаларында мекен-жайлары мен жұмыс кестесі көрсетілген Халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық) арқылы баламалы негізде көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны - автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы, «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 ақпандағы № 110 қаулысы, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысы негізінде көрсетіледі.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және есепке алу туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама), немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне талаптар

7. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат мекен-жайлары мен жұмыс кестесі осы Регламенттің 1 және 2

қосымшаларында көрсетілген уәкілетті орган мен Орталық стендтерінде және уәкілетті органның интернет-ресурстарында petroozsp@sko.kz орналастырылады.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері тұтынушы осы стандарттың 13 - тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап:

1) арнайы комиссияның жұмыс органында – жиырма күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде;

2) Орталықта – жиырма күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде (мемлекеттік қызметке құжат қабылдау және беру (нәтиже) күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты (талон алғанға дейін) 30 минуттан аспайды;

4) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет тұтынушысына қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты арнайы комиссияның жұмыс органында 15 минуттан аспайды, орталықта – 30 минут;

9. Тексеру қорытындысы бойынша іс макеті ресімделген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматқа біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақының төлену фактісінің анықталуы, сондай-ақ тұтынушының құжаттарды тапсырған кезде толық емес және (немесе) жалған мәліметтер ұсынуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Арнайы комиссияның жұмыс органы құжаттардың ресімделуінде қателер анықтаған кезде, осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген құжаттар пакеті толық ұсынылмаған және құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда құжаттар пакетін алған күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде бас тарту себебін көрсете отырып, хабарлама береді.

Мемлекеттік қызмет Орталық арқылы жүзеге асырылған кезде арнайы комиссияның жұмыс органы құжаттардың ресімделуінде қателер анықтаған кезде, осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген құжаттар пакеті толық ұсынылмаған және құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда құжаттар пакетін алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бас тарту себебін жазбаша негіздей отырып, оларды кейін тұтынушыға беру үшін орталыққа жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

10. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш алған сәттен бастап және уәкілетті органда мемлекеттік қызмет нәтижесін беру сәтіне дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

арнайы комиссия жұмыс органы арқылы

1) тұтынушы арнайы комиссия жұмыс органының маманына толтырылған

өтініш нысаны мен басқа да құжаттарды тапсырады;

2) арнайы комиссия жұмыс органының кеңсе маманы жүгінуді кіріс хат-хабар журналында тіркейді, өтінішке кіріс нөмірін бекітеді, тұтынушыға талон береді және келіп түскен құжаттарды арнайы комиссия жұмыс органының басшысына жібереді;

3) арнайы комиссия жұмыс органының басшысы келіп түскен құжаттармен танысады және жауапты орындаушыға (бұдан әрі - жауапты орындаушы) жібереді;

4) арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттармен танысады, тұтынушы жеке ісінің макетін қалыптастырады және арнайы комиссияның қарастыруына жібереді;

5) арнайы комиссия Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу (тіркеуден бас тарту) туралы шешім (бұдан әрі – шешім) қабылдайды;

6) арнайы комиссия шешім шығарғаннан кейін, арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және есепке алу туралы шешім қабылданғаны туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама), немесе қағаз жеткізгіштегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауапты даярлайды және арнайы комиссия жұмыс органының басшысына қарастыруға және қол қоюға жібереді;

7) арнайы комиссия жұмыс органының басшысы қол қойғаннан кейін, қызмет көрсетуге есепке қою туралы хабарламаны, немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауапты тұтынушыға беру үшін, арнайы комиссия жұмыс органының маманына жібереді;

8) арнайы комиссия жұмыс органының маманы қызмет көрсетуге есепке алу туралы хабарлама, немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауапты журналға тіркейді және береді.

О р т а л ы қ а р қ ы л ы

1) тұтынушы Орталыққа мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш береді;

2) Орталық инспекторы өтінішке тіркеу жүргізеді, тұтынушыға қолхат береді және құжаттарды Орталықтың жинақтаушы бөліміне жібереді;

3) Орталықтың жинақтаушы бөлімінің инспекторы құжаттарды жинайды, тізілім жасайды, құжаттарды арнайы комиссия жұмыс органына жібереді;

4) арнайы комиссия жұмыс органының кеңсе маманы жүгінуді кіріс хат-хабар журналында тіркейді, өтінішке кіріс нөмірін бекітеді және келіп түскен құжаттарды арнайы комиссия жұмыс органының басшысына жібереді;

5) арнайы комиссия жұмыс органының басшысы келіп түскен құжаттармен танысады және жауапты орындаушыға (бұдан әрі - жауапты орындаушы) жібереді;

6) арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттармен танысады, тұтынушы жеке ісінің макетін қалыптастырады және арнайы комиссияның қарастыруына жібереді;

7) арнайы комиссия Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу (тіркеуден бас тарту) туралы шешім (бұдан әрі – шешім) қабылдайды;

8) арнайы комиссия шешім шығарғаннан кейін, арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және есепке алу туралы шешім қабылданғаны туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама), немесе қағаз жеткізгіштегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауапты даярлайды және арнайы комиссия жұмыс органының басшысына қарастыруға және қол қоюға жібереді;

9) арнайы комиссия жұмыс органының басшысы қол қойғаннан кейін, қызмет көрсетуге есепке қою туралы хабарламаны, немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауапты тұтынушыға беру үшін, арнайы комиссия жұмыс органының маманына жібереді;

10) арнайы комиссия жұмыс органының маманы қызмет көрсетуге есепке алу туралы хабарлама, немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауапты журналға тіркейді және Орталыққа жібереді;

11) Орталық инспекторы тұтынушыға хабарлама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы негізделген жауапты береді.

11. Орталықта және арнайы комиссияның жұмыс органында мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асырушы адамдардың ең аз саны бір қызметкерді құрайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау

12. Орталықта құжаттарды қабылдау «терезелер» арқылы жүзеге асырылады, онда «терезелердің» мақсаттары мен орындайтын функциялары туралы ақпарат орналастырылады, сондай-ақ осы Регламенттің 2 қосымшасында көрсетілген мекен-жайлар бойынша Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіледі.

Арнайы комиссияның жұмыс органында құжаттарды қабылдау осы Регламенттің 1 қосымшасында көрсетілген мекен-жай бойынша арнайы комиссия жұмыс органының маманы арқылы жүзеге асырылады.

Өтініш білдірген жағдайда тұтынушыға:

1) арнайы комиссияның жұмыс органында – тұтынушыны тіркеу және оның мемлекеттік қызметті алу күні, құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон;

2) орталықта:

өтініштің нөмірі мен қабылдаған күні;
сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі;
қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
орталықтың құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған жауапты инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін куәландыратын құжат;
- 4) салық төлеушінің куәлігі (бар болған жағдайда жеке сәйкестендіру нөмірі);
- 5) әлеуметтік жеке код берілгені туралы уақытша куәлік (бар болған жағдайда жеке сәйкестендіру нөмірі);
- 6) жинақ кітапшасын немесе өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйыммен жасалған шарт;

7) 1949 жылдан бастап 1965 жыл, 1966 жылдан бастап 1990 жыл кезеңдерінде Семей ядролық сынақ полигоны аумағында тұру фактісі мен кезеңін растайтын құжаттар (мұрағат анықтамалары, Халық депутаттары селолық, кенттік (ауылдық) кеңесінің, тұрғын-үй-пайдалану басқармаларының, үй басқармаларының, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдерінің, пәтер иелері кооперативтерінің анықтамалары; еңбек кітапшасы; оқу орнын бітіргені туралы диплом; әскери билет; туу туралы куәлік, орта білім туралы аттестат, негізгі мектепті бітіргені туралы куәлік; Заңда белгіленген тәртіппен берілген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адам ретінде жеңілдіктер алуға құқығын растайтын куәлік).

Егер мұрағаттық және өзге де құжаттар сақталмаса – ядролық сынақтар әсеріне ұшыраған аумақта тұрғанының заңды фактісі мен кезеңін анықтау туралы сот шешімі.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге

қ а й т а р ы л а д ы .

14. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (әрі қарай - ҚФБ) қатысады:

- 1) Орталық инспекторы;
- 2) Орталықтың жинақтаушы бөлімінің инспекторы;
- 3) арнайы комиссия жұмыс органының маманы;
- 4) арнайы комиссия жұмыс органының басшысы;
- 5) арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы;
- 6) арнайы комиссия.

15. Осы Регламенттің 3 қосымшасында әрбір әкімшілік іс-әрекетті (рәсімді) орындау мерзімін көрсетумен әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің) әрбір ҚФБ-мен реттілігі мен өзара әрекетінің мәтіндік кестеленген сипаттамасы келтірілген.

16. Мемлекеттік қызмет және ҚФБ көрсету үрдісінде әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық реттілігін көрсетуші сызбалар осы Регламенттің 4 қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуші лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға уәкілетті орган, Орталық басшысы мен лауазымды тұлғалар (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) болып табылады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсетудің сапалығы мен тиімділігіне, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысында олармен қабылданатын шешімдер мен іс-әрекеттеріне (іс-әрекетсіздігіне), Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапкершілік атқарады.

«Семей ядролық сынақ полигонында
ядролық сынақтардың салдарынан зардап
шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу»
мемлекеттік қызмет
Регламентіне
1 қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша
уәкілетті орган**

--	--	--	--

Уәкілетті органның атауы	Заңды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	СҚО, Петропавл қаласы, Қазақстанская правда көшесі, 35 10 каб.	Күн сайын сағат 9.00 бастап 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс –сенбі және жексенбі	8-7152 53-29-12 petroozsp@sko.kz

«Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет

Р е г л а м е н т і н е

2 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесі

№ р/р	Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы	Заңды мекен-жайы	Байланыс телефоны	Жұмыс кестесі
1.	СҚО бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалы	СҚО, Петропавл қаласы, Әуезов көшесі, 157	8 (7152) 33-31-03	Күн сайын, демалыс күндері мен мереке күндерінен басқа дүйсенбіден сенбіге дейін, сағат 9.00 бастап 20.00 дейін үзіліссіз
2.	СҚО бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалының қалалық бөлімі	СҚО, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 72	8 (7152) 31-06-52	Күн сайын, демалыс күндері мен мереке күндерінен басқа дүйсенбіден сенбіге дейін, сағат 9.00 бастап 19.00 дейін үзіліссіз

А б б р е в и а т у р а м а ғ ы н а с ы :

СҚО бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалы - Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы

«Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет

Р е г л а м е н т і н е

3 қосымша

Әрбір әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің) әрбір ҚФБ-мен реттілігі мен өзара әрекетінің мәтіндік кестеленген сипаттамасы

1 кесте. Арнайы комиссияның жұмыс органы арқылы ҚФБ іс-әрекетін сипаттау

Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағымының) іс-әрекеттері, 1 өтініш берушіге						
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) №	1	2	3	4	5	6
ҚФБ атауы	Орталық инспекторы	Орталық жинақтаушы бөлімінің инспекторы	Арнайы комиссия жұмыс органының маманы	Арнайы комиссия жұмыс органының басшысы	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы	Арнайы комиссия
Іс-әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Өтініштерді қабылдау, тұтынушыға қолхат беру, құжаттарды Орталықтың жинақтаушы бөлім инспекторына жіберу	Құжаттарды жинау	Құжаттарды қабылдау, тұтынушыға талон беру	Құжаттармен танысу	Тұтынушы жеке ісінің макетін қалыптастыру	Істі қарастыру
Аяқтау түрі (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Өтінішті тіркеу, қолхат	Құжаттарды арнайы комиссия жұмыс органына жіберу	Құжаттарды қарастыруға арнайы комиссия жұмыс органының басшысына жіберу	Жауапты маманға жіберу	Арнайы комиссияның қарауына жіберу	Тіркеу немесе тарту туралы шешім қабылдау
Орындау мерзімдері	30 минуттан артық емес	1 жұмыс күні ішінде	15 минут ішінде	1 сағат	19 күнтізбелік күн ішінде	19 күнтізбелік күн ішінде
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6	7

Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағымының) іс-әрекеттері, 1 өтініш берушіге				
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) №	8	9	10	11
ҚФБ атауы	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы	Арнайы комиссия жұмыс органының басшысы	Арнайы комиссия жұмыс органының маманы	Орталық инспектор
Іс-әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және	Хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты даярлау	Хабарлама немесе бас тарту туралы	Журналда тіркеу, хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты Орталыққа жіберу	Хабарлама немесе бас тарту туралы

олардың сипаттамасы		негізделген жауапқа қою	немесе тұтынушыға беру	негізделген жауап беру
Аяқтау түрі (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Қол қоюға басшыға жіберу	Арнайы комиссия жұмыс органының маманына хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты жіберу	Нәтижені беру	Хабарлама немесе тарту туралы негізделген жауап беру туралы қолхат
Орындау мерзімдері	1 сағат ішінде	1 сағат ішінде	15 минуттан артық емес	30 минуттан артық
Келесі іс-әрекеттің нөмірі				

2 кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

Орталық инспекторы	Орталық жинақтаушы бөлімінің инспекторы	Арнайы комиссия жұмыс органының маманы	Арнайы комиссия жұмыс органының басшысы	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы	Арнайы комиссия	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы
Іс-әрекет № 1 Өтініштерді тіркейді, тұтынушыға қолхат береді және құжаттарды Орталықтың жинақтаушы бөлім инспекторына жібереді	Іс-әрекет № 2 Құжаттарды жинайды, тізілім жасайды, құжаттарды арнайы комиссияның жұмыс органына жібереді	Іс-әрекет № 3 Жүгінуді журналға тіркейді, өтінішке кіріс нөмірін бекітеді, тұтынушыға талон береді және келіп түскен құжаттарды бұрыштама қою үшін арнайы комиссия жұмыс органының басшысына жібереді	Іс-әрекет № 4 Келіп түскен құжаттармен танысады және жауапты маманға жібереді	Іс-әрекет № 5 Келіп түскен құжаттармен танысады, тұтынушы жеке ісінің макетін қалыптастырады және арнайы комиссияның қарастыруына жібереді	Іс-әрекет № 6 Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу туралы шешім (бұдан әрі – шешім) қабылдайды	Іс-әрекет № 7 Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және есепке алу туралы шешім қабылданған туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) даярлайды және арнайы комиссия жұмыс органының басшысына қарастыруға қол қоюға жібереді
		Іс-әрекет № 9 Журналға тіркейді және				


Іс-әрекет № 10 Хабарлама беру	хабарламаны Орталыққа немесе тұтынушыға береді	Іс-әрекет № 8 Хабарламаға қол қояды		
----------------------------------	--	--	--	--

3. кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс.

Орталық инспекторы	Орталық жинақтаушы бөлімінің инспекторы	Арнайы комиссия жұмыс органының маманы	Арнайы комиссия жұмыс органының басшысы	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы
Іс-әрекет № 1 Өтініштерді тіркейді, тұтынушыға қолхат береді және құжаттарды Орталықтың жинақтаушы бөлім инспекторына жібереді	Іс-әрекет № 2 Құжаттарды жинайды, тізілім жасайды, құжаттарды арнайы комиссияның жұмыс органына жібереді	Іс-әрекет № 3 Жүгінуді журналға тіркейді, өтінішке кіріс нөмірін бекітеді, тұтынушыға талон береді және келіп түскен құжаттарды арнайы комиссия жұмыс органының басшысына жібереді	Іс-әрекет № 4 Келіп түскен құжаттармен танысады және жауапты маманға жібереді	Іс-әрекет № 5 Келіп түскен құжаттармен танысады және ісінің мақалыпшастырады. Сем ядролық сынақ полигон ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтардың тіркеуден тарту туралы негізделген жауап даярлайды және ағ комиссия жұмыс органы басшысына қарастыруға қол қоюға жібереді
Іс-әрекет № 8 Бас тарту туралы негізделген жауапты береді		Іс-әрекет № 7 Журналға тіркейді және бас тарту туралы негізделген жауапты Орталыққа немесе тұтынушыға береді	Іс-әрекет № 6 Бас тарту туралы негізделген жауапқа қол қояды	

«Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» мемлекеттік қызмет Регламентіне 4 қосымша

Әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық реттілігі арасындағы өзара байланысын сипаттаушы сызбалар



Петропавл
 әкімдігінің
 2012 жылғы
 қаулысымен бекітілді

қ а л а с ы

12 маусымда N 1087

«Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» (бұдан әрі - Регламент) регламентінде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган - «Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

2) тұтынушы (өтініш беруші) - жеке тұлғалар: Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар.

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызметтік міндеттерін атқаруымен байланысты мүгедек болған әскери қызметшілер;

ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының қызметтік міндеттерін атқаруымен байланысты мүгедек болған адамдар;

жалпы аурудан мүгедек болғандар;

бала жасынан мүгедектер;

мүгедек балалар;

жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектер.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 - бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет уәкілетті органмен, сондай-ақ Халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық) арқылы баламалы негізде көрсетіледі, олардың тізбесі осы Регламенттің 1,2 қосымшаларында келтірілген.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны - автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 22-бабы, «Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен және техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз ету ережесі, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысы негізінде көрсетіледі.

6. Тұтынушы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама), немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне талаптар

7. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат мекен-жайлары мен жұмыс кестесі осы Регламенттің 1 және 2 қосымшаларында көрсетілген уәкілетті орган мен Орталық стендтерінде және уәкілетті органның интернет-ресурстарында retroozsp@sko.kz орналастырылады.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері тұтынушы осы Регламенттің 13-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап:

уәкілетті органда - он жұмыс күні ішінде;
орталықта – он жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет құжатын (нәтиже) қабылдау және беру күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

2) тұтынушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің ең көп рұқсат етілген уақыты (талон алғанға дейін) 30 минуттан аспайды;

3) тұтынушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең көп рұқсат етілген уақыты уәкілетті органда 15 минуттан, Орталықта 30 минуттан аспайды.

9. Мынадай негіздерде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады:

1) тұтынушының протездік-ортопедиялық көмек көрсетуді қабылдауға медициналық қарсы көрсетілімдері болғанда;

2) аталған мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін құжаттардың біреуі болмағанда, орталықтан түсетін құжаттарды ресімдеуде қателіктер табылған кезде;

3) жалған мәліметтер мен құжаттар ұсынылғанда;

4) жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерге, егер олардың қызметі заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтатылмаған жағдайда бас тартылуы мүмкін.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

10. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш алған сәттен бастап және уәкілетті органда мемлекеттік қызмет нәтижесін беру сәтіне дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:
уәкілетті органда

1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш білдіреді;

2) уәкілетті органның кеңсе маманы өтінішке тіркеу жүргізеді, тұтынушыға талон береді және қарастыруға басшыға жібереді;

3) уәкілетті орган басшысы жұмысты бұдан әрі жалғастыру үшін сектор

меңгерушісіне жібереді;

4) сектор меңгерушісі құжаттарды қарастырып, орындауға жауапты орындаушыға жібереді;

5) жауапты орындаушы тұтынушыдан ұсынылған өтінішке қарауды жүзеге асырады, хабарлама ресімдейді немесе бас тарту туралы негізделген жауап даярлайды, кейін тексеруге сектор меңгерушісіне жібереді;

6) сектор меңгерушісі бақылауды жүзеге асырады және хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты қол қоюға уәкілетті орган басшысына жібереді;

7) уәкілетті орган басшысы хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапқа қол қояды және уәкілетті органның кеңсесіне жолдайды;

8) уәкілетті органның кеңсе қызметкері кітапқа тіркейді және тұтынушыға хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты береді;

О р т а л ы қ а р қ ы л ы

1) тұтынушы Орталыққа өтініш білдіреді;

2) Орталық инспекторы өтінішке тіркеу жүргізеді, тұтынушыға қолхат береді және құжаттарды жинақтаушы бөлімге жібереді;

3) Орталық жинақтаушы бөлімінің инспекторы құжаттарды жинайды және уәкілетті органға жібереді;

4) уәкілетті органның кеңсе маманы алған құжаттарға тіркеу жүргізеді және қарастыруға басшыға жібереді;

5) уәкілетті орган басшысы жұмысты бұдан әрі жалғастыру үшін сектор меңгерушісіне жібереді;

6) сектор меңгерушісі құжаттарды қарастырып, орындауға жауапты орындаушыға жібереді;

7) жауапты орындаушы тұтынушыдан ұсынылған өтінішке қарауды жүзеге асырады, хабарлама ресімдейді немесе бас тарту туралы негізделген жауап даярлайды, кейін тексеруге сектор меңгерушісіне жібереді;

8) сектор меңгерушісі бақылауды жүзеге асырады және хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты қол қоюға уәкілетті орган басшысына жібереді;

9) уәкілетті орган басшысы хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапқа қол қояды және уәкілетті органның кеңсесіне жолдайды;

10) уәкілетті органның кеңсе қызметкері хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты кітапқа тіркейді және Орталыққа жолдайды;

11) Орталық инспекторы тұтынушыға хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты береді.

11. Уәкілетті органда және Орталықта мемлекеттік қызмет көрсету үшін

құжаттарды қабылдауды жүзеге асырушы адамдардың ең аз саны бір қызметкерді құрайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау

12. Орталықта құжаттарды қабылдау «терезелер» арқылы жүзеге асырылады, онда «терезелердің» мақсаттары мен орындайтын функциялары туралы ақпарат орналастырылады, сондай-ақ осы Регламенттің 2 қосымшасында көрсетілген мекен-жайлар бойынша Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және л а у а з ы м ы к ө р с е т і л е д і .

Мемлекеттік органда құжаттарды қабылдау осы Регламенттің 1 қосымшасында көрсетілген мекен-жайлар бойынша уәкілетті органның жауапты орындаушысы арқылы жүзеге асырылады.

Барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін тұтынушыға:

1) уәкілетті органда – өтініш берушінің тіркелген және мемлекеттік қызметті алу күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон б е р і л е д і ;

2) Орталықта - өтініштің нөмірі және қабылданған күні; сұратылған мемлекеттік қызметтің түрі; қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары; құжаттарды беру күні, уақыты және орны; құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қ о л х а т б е р і л е д і .

13. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы келесі құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін көрсете отырып, белгіленген үлгідегі өтініш, әлеуметтік жеке кодының нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі болғанда);

2) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ал кәмелетке толмаған мүгедек балалар үшін – баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін, ата-анасының біреуінің (қамқоршысының, қорғаншысының) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар үшін – мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірмені;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәліктің көшірмесін;

5) Ұлы Отан соғысы қатысушылары үшін – протездік-ортопедиялық көмек

көрсету қажеттілігі туралы тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйым қорытындысының көшірмесін;

б) жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектер – жазатайым оқиға туралы актінің көшірмесін және жеке кәсіпкер – жұмыс беруші қызметін тоқтатқаны немесе заңды тұлға таратылғаны туралы құжат ұсынады.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылуға жатады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (әрі қарай - ҚФБ) қатысады:

- 1) Орталық инспекторы;
- 2) Орталық жинақтаушы бөлімінің инспекторы;
- 3) уәкілетті органның кеңсе маманы;
- 4) уәкілетті орган басшысы;
- 5) уәкілетті органның сектор меңгерушісі;
- 6) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

15. Осы Регламенттің 3 қосымшасында әрбір әкімшілік іс-әрекетті (рәсімді) орындау мерзімін көрсетумен әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің) әрбір ҚФБ-мен реттілігі мен өзара әрекетінің мәтіндік кестеленген сипаттамасы келтірілген.

16. Мемлекеттік қызмет және ҚФБ көрсету үрдісінде әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық реттілігін көрсетуші сызбалар осы Регламенттің 4 қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуші лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға уәкілетті орган, Орталық басшысы мен лауазымды тұлғалар (бұдан әрі - лауазымды тұлғалар) болып табылады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсетудің сапалығы мен тиімділігіне, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысында олармен қабылданатын шешімдер мен іс-әрекеттеріне (іс-әрекетсіздігіне), Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапкершілік атқарады.

«Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет

Р е г л а м е н т і н е

1 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша уәкілетті орган

Уәкілетті органның атауы	Заңды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	СҚО, Петропавл қаласы, Казахстанская правда көшесі, 35 12 каб.	Күн сайын сағат 9.00 бастап 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс –сенбі және жексенбі	8-7152 53-29-12 petroozsp@sko.kz

«Мүгедектерге ортопедиялық үшін ресімдеу» Регламентіне
көмек оларға мемлекеттік қызмет ұсыну құжаттарды қызмет

2 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша Халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесі

№ р/р	Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы	Заңды мекенжайы	Байланыс телефоны	Жұмыс кестесі
1.	СҚО бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалы	СҚО, Петропавл қаласы, Әуезов көшесі, 157	8 (7152) 33-31-03	Күн сайын, демалыс күндері мен мереке күндерінен басқа дүйсенбіден сенбіге дейін, сағат 9.00 бастап 20.00 дейін үзіліссіз
2.	СҚО бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалының қалалық бөлімі	СҚО, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 72	8 (7152) 31-06-52	Күн сайын, демалыс күндері мен мереке күндерінен басқа дүйсенбіден сенбіге дейін, сағат 9.00 бастап 19.00 дейін үзіліссіз

А б б р е в и а т у р а мағынасы:

СҚО бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалы - Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы

«Мүгедектерге ортопедиялық ресімдеу» Регламентіне 3

о л а р ғ а м е м л е к е т т і к қ о с ы м ш а

протездік-ұсыну құжаттарды қызмет

